



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

24 СӘУІР 2024

24 APRIL 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Мақыш С.Б.	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Бейсенбай А.Б.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Алшинбаева Ж.К.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Киманова Л.Б.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Ныгманова Д.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Акшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

сложной сети взаимодействий человека и андроида в футуристическом обществе. По мере того, как мы проходим через этот повествовательный ландшафт, местоимения отражают саму суть того, что значит быть человеком в мире, где искусственные существа стремятся к признанию и пониманию.

Первоначальное нежелание людей признавать андроидов равными отчетливо проявляется в постоянном использовании слова "it". Этот обезчеловечивающий язык действует как барьер, подчеркивая социальное разделение между людьми и машинами. Насыщенный сюжет "Detroit: Become Human" не только ставит игроков перед моральными дилеммами, но и предлагает им подвергнуть сомнению языковые условности и социальные предубеждения. Местоимения, кажущиеся простыми лингвистическими элементами, служат ключом к пониманию эволюционирующих отношений и сознания в игре.

В заключение, анализ диалогов в "Detroit: Become Human" показывает тонкую эволюцию восприятия андроидов, проявляющуюся в стратегическом использовании местоимений. Английская версия эффективно отражает меняющиеся взгляды персонажей. Лингвистические преобразования вносят значительный вклад в развитие персонажей и общего повествования, подчеркивая растущее признание андроидов как разумных существ. Однако локализации не всегда последовательно передают эти лингвистические нюансы, что потенциально ослабляет влияние повествования.

Чтобы преодолеть эти трудности при переводе, рекомендуется рассмотреть альтернативные лингвистические стратегии. Один из эффективных подходов заключается в сведении к минимуму использования местоимений в зависимости от рода или, при необходимости, в использовании нейтральных с гендерной точки зрения формулировок. Это не только соответствует современным инициативам по содействию инклюзивности и разнообразию, но и устраняет возможные расхождения в переводе, возникающие из-за гендерно-специфических местоимений в английском языке. Кроме того, использование лингвистических методов, таких как использование прямых эквивалентов или стратегический отказ от местоимений, может еще больше улучшить сохранение предполагаемых значений в процессе перевода.

Список литературы

1. Виноградов В.В. Русский язык (Грамматическое учение о слове.) – Москва: Высшая школа, 1986. – 258 с.
2. Селиверстова О.Н. Местоимения в языке и речи. – Москва: Наука, 1988. – 26-27 с.
3. Кирьянов А.П. Научно-технические проблемы естествознания. – М., 1999. – 70 с.
4. Смирницкий А.И. Морфология английского языка. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1959. – 177 с.
5. Радзиковская В.К. "Местоименность поля взаимности в современном русском языке" – Russian Journal of Linguistics, 2012. – 69 с.
6. Блох М.Я. "Диктема в уровневой структуре языка." – Вопросы языкознания, No. 4, 2000. – 9 с.
7. Блох М.Я. Теоретические основы грамматики. – М., 2005. – 111-112 сс.
8. Блох М.Я. "Диктема в уровневой структуре языка." – Вопросы языкознания, No. 4, 2000. – 118 с.
9. Там же – 119 с.
10. Советов И.М. "Проблема статуса личных местоимений в системе частей речи" – Вестник Вятского государственного университета, 2011. – 81 с.

ҒТАХР 16.21.49

**КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БӨЛІК СОМАТИКАЛЫҚ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ: КӨЗ/ЕҮЕ СЫҢАРЫ
(ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН, АҒЫЛШЫН-ҚАЗАҚ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

А.Н. Байқадам

докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

asylzat_b@mail.ru

Аңдатпа. *Адам ағзасы күрделі жүйе ретінде үздіксіз қызмет атқаратыны белгілі. Осы жүйедегі әрбір соманың қолданысына қарай және олардың тілдік бейнедегі бірізділігін сақтау мақсатында үш бөлікке жіктеледі: жоғарғы, ортаңғы және төменгі бөлік. Мақалада жоғарғы бөлік соматикалық фразеологизмдері, оның ішінде көз/еуе сыңары қарастырылады. Концептілік тәсілдің көмегімен олардың лексика-грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Мақаланың мақсаты – қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ көркем аудармасындағы көз/еуе сыңарлы соматикалық фразеологизмдерге салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау, эквиваленттілік деңгейлерін анықтау. Әртіптес тілдегі көз/еуе сыңарлы соматикалық фразеологизмдері көп жағдайда семантика тұрғысынан сәйкес келетіндігі, ал құрылымы жағынан сәйкестіктер аз байқалатындығы эмпирикалық материалдар негізінде айқындалады. Көз/еуе сыңарлы соматикалық фразеологизмдердің түрлі деңгейдегі эмоциялары қарастырылады.*

Түйін сөздер: *көркем аударма, соматикалық фразеологизмдер, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу, когнитивті аспект, көз/еуе сыңары.*

Аннотация. *Известно, что человеческое тело непрерывно функционирует как сложная система. В зависимости от использования каждой сомы в этой системе и с целью сохранения их последовательности в языковой картине названия частей тела делятся на три группы: верхняя, средняя и нижняя. В статье рассматриваются соматические фразеологизмы верхней части, в особенности көз/еуе. С помощью концептуального подхода анализируются их лексико-грамматические и семантические особенности. Цель статьи – провести сравнительно-сопоставительный анализ соматических фразеологизмов көз/еуе в казахско-английском, англо-казахском художественном переводе и определить их уровни эквивалентности. На основе эмпирического материала определяется, что соматические фразеологизмы көз/еуе в каждом языке во многом совпадают с точки зрения семантики, а с точки зрения структуры совпадения менее заметны. Также рассматриваются эмоции различных уровней соматических фразеологизмов көз/еуе.*

Ключевые слова: *художественный перевод, соматические фразеологизмы, сравнительно-сопоставительное исследование, когнитивный аспект, компонент көз/еуе.*

Abstract. *It is known that the human body continuously functions as a complex system. Depending on the use of each soma in this system and in order to preserve their consistency in the linguistic picture, the names of body parts are divided into three groups: upper, middle and lower. The article examines the somatic phraseological units of the upper part, especially көз/еуе. Using a conceptual approach, their lexical-grammatical and semantic features are analyzed. The purpose of the article is to conduct a comparative analysis of the somatic phraseological units көз/еуе in Kazakh–English, English–Kazakh literary translation and determine their levels of equivalence. Based on empirical material, it is determined that the somatic phraseological units көз/еуе in each language largely coincide from the point of view of semantics, and from the point of view of the structure of the coincidence are less noticeable. Emotions of various levels of somatic phraseological units көз/еуе are also considered.*

Keywords: *literary translation, somatic phraseological units, comparative research, cognitive aspect, the component көз/еуе.*

Кіріспе.

Тіл мен ойдың өзара байланыс мәселесі лингвистикадағы үздіксіз зерттеуді қажет ететін құбылыс. Соңғы уақытта аталмыш мәселені егжей-тегжейлі қарастыруға аса мән

беріліп келеді. XX ғасырдың екінші жартысында лингвистиканың дамуында жалпы әдіснамалық ілгерілеушілік пайда болды: бұл өз кезегінде тікелей бақылауға келмейтін менталды категориялар — когнитивтік құрылымдар мен осы құрылымдар арқылы жұмыс жасайтын когнитивтік тетіктер болып табылады. Тілді ұғыну адамның дүлдiк әлемiне ашылған есiк iспеттi, яғни “ойлау процестерiнiң құпияларына қол жеткiзу құралдары” десек болады [1, 12 б.]. Бұл тұжырымдардан тiл бiлiмiнiң когнитивтiк бағытының айқындалғанын көреміз.

Когнитивтік лингвистика бағытында когнитивтік фразеология ерекше зерттеле бастады. Отандық ғылымда когнитивтік зерттеулердің кеңінен белең алуы жаңа когнитивтік көзқарасты қалыптастыруға, оған қоса фразеологизмдерді зерттеуге ықпал етті.

Осы аспектіде фразеологизмдерді зерттеуді қолға алған жұмыстардың пайда болуы фразеологиялық бірліктердің мағынасын дәстүрлі зерттеу тәсілдерінің кейін шегініп, бұл мәселеде жаңаша көзқарастың қалыптасқандығын көрсетеді.

Фразеологизмдерді тек тілдік жүйенің бірліктері ретінде қарастыратын дәстүрлі фразеологиядан айырмашылығы когнитивтік тәсіл аясында фразеологизмдер көбіне феномендік тіл тұрғысынан анықталады. Бұл тұрасында белді ғалым В.Н. Телия былайша пікір білдіреді: «микротексты, в номинативное основание которых, связанное с ситуативным характером обозначаемого, втягиваются при его концептуализации все типы информации, характерные для отображения ситуации в тексте, но представленные во фразеологизмах в виде «свертки», готовой к употреблению как текст в тексте» [2, 8 б.].

Эстондық ғалым Ф.Вакк өз еңбегінде соматизм — фразеологизмнің ең көне қабаттарының бірі деп пікір білдіреді. Адам өз ерекшеліктеріне сәйкес ежелден бері қоршаған әлемнің нысанымен, құбылыстарымен тікелей де, жанама да байланыс орнатып, соның нәтижесінде белгілі бір фразеологиялық бірліктердің пайда болуына себепші атанып келеді [3, 6 б.]. Мысалы: *жүрегі орнына түсу, төбе шашы тік тұру, қаны басына шабу, кеудесіне нан пісу, қолы ұзару*, т.б.

Талқылаулар.

Кез келген әлемнің фразеологиялық бейнесі оның ұлттық дүниетаным үзінділерін, ұлттық таным-түсінігі ерекшеліктерін, тәжірибесі мен өмірлік даналығын көрсетеді. Фразеологизмдердің құрамындағы соматикалық лексика кең ауқымды тақырыптық топқа жіктеледі және әр алуан тілдердегі зерттеушілердің назарын аудартатыны сөзсіз. Эмоциялық жай-күйді адам ағзасының атаулары арқылы жеткізуі, яғни “адамның қоршаған әлемді өзі арқылы, өзінің физиологиялық және эмоционалды сезімдері, ассоциативтік бейнелер мен елестетулер арқылы қабылдауы тілдің семантикалық саласында тікелей көрініс табуымен” байланысты [4, 151 б.].

Адам ағзасы күрделі жүйе ретінде үздіксіз қызмет атқаратыны белгілі. Бұл тұрасында ғалым Ә.Болғанбаев: “Адам мен адамның бір-біріне қарым-қатынасын тек сөзбен ғана емес дене мүшелерінің сан түрлі қозғалысы арқылы да, ыммен де білдірген. Бұл ретте *бас, көз, қол, иек, ауыз* сияқты дене мүшелері үлкен қызмет атқарған” [5, 117 б.]. Осы жүйедегі әрбір соманың қолданысына қарай және олардың тілдік бейнедегі бірізділігін сақтау мақсатында үш бөлікке жіктеп қарастырған жөн: жоғарғы (*бас, тіл, көз, бет-әлпет*, т.б.), ортаңғы (*жүрек, кеуде, бауыр, қол*, т.б.) және төменгі (*аяқ, жамбас, табан*, т.б.) бөліктер.

Көркем әдебиетте фразеологиялық бірліктердің, оның ішінде соматикалық сыңарлы фразеологизмдердің жиі қолданылуы қалыпты жағдай. “Кез-келген халықтың лексикасында дене мүшелері атаулары ең көне құбылыстардың бірі болып табылады және тілдік лексиканың негізгі қорына кіреді. Соматизмдердің қолданыстағы жай бір лексика ғана емес, сонымен қатар іс-әрекеттің негізгі құрушы факторы болғандықтан, тұрақты тіркестер мен фразеологизмдердің құрамында басты ұйытқы да болады..., соматизмдер метафораланудың жоғары қабілетіне ие, бұл көптеген ФБ түзудің негізгі тәсілі болып табылmaq” [6, 318 б.]. Ал М.Л. Ковшованың сөзіне сүйенсек, “фразеологиялық бірліктерді мәдени тұрғыда жеткізу процесінде жетекші рөлді фразеологизмдердің құрамындағы соматикалық сыңарлар атқарады...” [7, 23 б.]. Осындай басты сыңарлардың бірі — жоғарғы бөлікке жататын *көз/eye*

сомасы. Ол барлық дерлік тілдердегі ФБ-дің құрамында кездесетін сыңар болып табылады десек қателеспейміз. “Қазақ тіліндегі анатомиялық атаулардың фразеологизмдерді жасаудағы өнімді қызметін білу үшін көз сөзінен тараған бір ғана фразеологизмдер тобын алып қарасақ та жеткілікті” деп Ә.Болғанбаев та *көз/eye* қатысты СФ-дерге ерекше тоқталған. Осы жерде ғалымның аталмыш соматизмге қатысты фразеологизмдерді бірнеше топтарға жіктеп көрсеткендігін айта кету керек: *белгілі бір зат ұқсату арқылы* (тана көз, бадана көз, дұшпан көз, көкірек көз, т.б.), *сын-сипаты мен түр-тұрпатына қарай* (жауаң көз, өткіз көз, қара көз, күлім көз, т.б.), *заттық ұғымға қатысты* (көз майы, көз жасы, көздің құрты, көзінің ағы мен қарасы, т.б.), *сындық ұғымға қатыстылары* (көзсіз ерлік, көзі ашық, көзі қарақты, көз жоқ батыр, т.б.), *уақыт-мезгіл өлшемге қатыстылары* (көз ұшында, көзін ашқалы бері, қас пен көздің арасында, көзін ала бере, т.б.) [5, 107 б].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Көз/eye соматикалық сыңарлы фразеологизмдер адамдардың психологиялық және эмоционалдық күйін сипаттауда ерекше қызмет атқарады. Дәл осы соматизм арқылы қуаныш, сүйіспеншілік, ұяңдық, т.б. сынды жағымды эмоциялар мен жай-күйлерді; қорқыныш, үрей, ашу, ыза, жеккөрушілік, мазасыздық, толқу, қайғы сияқты жағымсыз күйлерді; сондай-ақ ынтықтық пен таңдану секілді бейтарап жай-күйлерді де жеткізуге болады. Адам күйінің қилы сипатын соматикалық фразеологизмдер арқылы беруде әртүрлі тіл көркем шығарма авторының өзіне ғана тән стильдік ерекшеліктері болатынын, оған қоса оның екінші бір тілдегі аударма нұсқасында дәл сол жай-күйдің жеткізілу деңгейін де ескеруіміз қажет.

Ізденісіміздің негізгі мақсаты қазақ және ағылшын тілдеріндегі *көз/eye* сыңарлы соматикалық фразеологизмдердің көркем аудармада берілуін салыстырмалы-салғастырмалы талдау болғандықтан, осы тілдерде жазылған екі көркем шығарма аудармасы алынды. Олар: Жүсіпбек Аймауытовтың “Ақбілек” [8] және Джейн Остиннің “Pride and Prejudice” [9] романдары.

Нәтижелер.

Қазақ және ағылшын тілдері фразеологизмдерінің құрамындағы *көз/eye* сыңары екі мағынада қолданылады: а) “дене мүшесі, көру органы”; б) “көру қабілеті”. Одан бөлек ағылшынның *eye* негізгі мағынасына ие *көз* сөзі әртүрлі эмоционалды күйді, әдемілікті, қараңғылықты, түрлі іс-әрекеттерді білдіретін көптеген фразеологизмдердің де ұйытқы сыңары болып табылады. Қазақ тіліндегі аталмыш *көз* сомасымен және оған синонимдес *жанар* сөзімен келетін фразеологизмдер де көп жағдайда осы сипаттарды білдіреді.

Жоғарыда аталған уәждемелерге дәлел ретінде қазақ және ағылшын тілдерінде көркем әдебиеттен бірер мысал қарастырып көрейік.

➤ - Мә, саған мына, мына!— деп білеуіт пен ащы айғай басына қабат тигенде, **көзінің оты жарқ етті** [8, 74 б.]. Мұндағы *көзінің оты жарқ ету* фразеологизмі “қатты қорқып кету” деген эмоционалды реңктегі мағынаны беріп тұр. Аударма нұсқасында бұл мысалды былайша берген: Have this — “here-here”! — and one of them hit her with a lash to **the flashes in the eyes** [10, 6 б.]. Мұнда да *eyes* деп соматизммен берген, дегенмен бұл тіркес “көздегі жарқыл” мағынасын танытатындықтан, фразеологизм бола алмайды.

➤ Қазақтың **қара көздерінің** сикырлы күші Еуропа әйелінен кем емес [6, 81 б.]. *Қара көздер* – “бойжеткендер”, “қазақтың қыздары” мағынасын жеткізіп тұрған перифраздық фразеологизм. Аударма тілінде ұсынылуы: **The black eyes** of the Kazakh women hold their ground to the European eyes in their magic [10, 16 б.]. Бұл жерде аударма нұсқасы калька әдісімен берілгендіктен, түпнұсқадағы фразеологизмнің мағынасын толық ашып тұрған жоқ. Біздің нұсқамыз бойынша, мұнда баламаны тек “young ladies” деп қана беруге болады. Себебі жоғарыда аталған “бойжеткендер” сөзінің мағынасын беретін сипат мәндегі *қара көз* СФ-не ағылшын тілінде толық балама бола алатын фразеологизм кездеспейді.

➤ Қалай Бәдіғұлдың жылқысын бақтым, солай **көзім ашыла бастады** [6, 83 б.]. “Ақыл кіре бастады”, “өмірді тани бастады” деген мағынада келген бұл соматикалық

фразеологизмді аудармашы мынадай баламамен берген: Then I served as a herdsman for another rich man, it was that time when **I started growing wise a bit** [10, 18 б.]. Осындағы *to grow wise* (аудармасы: *ақылды/дана бола түсу*) тіркесімен келген аударма соматизммен берілмесе де, түпнұсқаның мағынасын жартылай балама ретінде ашып тұр.

➤ Қара мұрт Ақбілектің жан жарасын әлде **көзінен оқып білді** ме, ... [6, 87 б.]. Мұнда шығарма кейіпкерінің жан жарасының қаншалықты терең екендігін көрсетіп тұрған фразеологизмді аудармада былайша береді: And Black-moustached, whether of inevitability to see a desperate **appeal in Akbilek's eyes**,... [10, 23 б.] “көзіндегі жалыныш” мағынасында келген бұл еркін тіркес арқылы келгенімен, *eye* соматизмімен бергеніне мән беруіміз қажет.

➤ Ақбілектің **көзі шарасынан шықты** [6, 86 б.]. Бұл соматикалық фразеологизмнің мағынасы “қорку” эмоциясын айқындап тұрғаны мәлім. Аудармашы сөйлемдегі осы тұсты түсіріп тастап, аудармауды ұйғарған секілді. Қазақ тілінде эмоционалды реңкті айшықтай түсетін бұндай фразеологизмге лайықты балама берілуі тиіс деп санаймыз, мысалы: *get the willies* (мағынасы: *a feeling of nervousness and fear, especially caused by something strange or threatening*) [11]. Сонда аудармасын “*Akbilek gets the willies*” деп беруге әбден болады.

Көркем мәтін тіліндегі көз сыңарлы фразеологизмдердің аудармасынан түрлі деңгейдегі эквиваленттілікті көруге болады.

Тура осындай салыстырмалы-салғастырмалы талдау жұмысын ағылшын тілінде жазылған көркем шығармадан, яғни Джейн Остин тілінен мысалдар келтіріп, олардың қазақ тіліне тікелей аударылған нұсқасымен баламалылық деңгейін қарастырып көрейік.

➤ Every idea that had been brought forward by the housekeeper was favourable to his character, and as she stood before the canvas on which he was represented, and **fixed his eyes upon** herself, she thought of his regard with a deeper sentiment of gratitude than it had ever raised before; [7, 308 б.]. Мұндағы *to fix one's eyes on/upon* (мағынасы: *to keep looking at or staring at*; аудармасы: қарап тұру) деген фразеологизм негізінен “көзі қадалу” соматикалық фразеологизмімен балама болып келеді. Бұл сөйлем қазақ тіліндегі аударма нұсқасында былайша келеді: ... **Жанары өзіне қадалған** суретке қараған Элизабет оның өзіне деген ықыласы жөнінде терең ойға шомып, өз сезімін қалай жеткізгенін есіне түсірді және сол сәтті жадына мықтап бекітуге тырысты [12, 303 б.]. Демек аудармашы түпнұсқадағы фразеологизмге қазақ тілінде барабар балама таба білген.

➤ **Their eyes instantly met**, and the cheeks of both were overspread with the deepest blush [7, 309 б.]. Бастапқы нұсқасы ретінде *to meet the eye* (мағынасы: *to look at someone directly while they are looking at you*) келсе, мысалда өзара іс-әрекет болғандықтан “көздері түйісу” деген соматикалық фразеологизммен толық балама болып табылады. Енді аудармадағы нұсқасына тоқталайық: **Көз жанарлары түйісіп**, қыз жүзі қызарып кетті де, жігіт күтпеген жайттан абдырап қалды [12, 303 б.]. Бұл жерде де аудармашы лайықты балама таба білгендігін аңғарамыз.

➤ When **MY eyes were opened** to his real character — Oh! had I known what I ought, what I dared to do! [7, 341 б.]. Осындағы *to open one's eyes* (мағынасы: *to make someone realize something surprising or shocking that they had not known about or understood before*) фразеологизмі бір қарағанда қазақ тіліндегі “көзі ашылды” (мағынасы: *санасы ояну; өмірді тани түсу*) деген соматикалық фразеологизмге балама болатын секілді, дегенмен ағылшын тіліндегі мағынасын экспрессивті реңкі әлсіздеу. Енді осы тұста көркем аудармада берілген нұсқасын қарастырып көрейік: - Оның нағыз оңбаған **екенін біліп** едім ғой! Егер мен бәрін жасырмай айтсам ғой, жоқ... мен оған айтуым керек еді, бірдеңе істеуім керек еді! [12, 333 б.]. Жоғарыда айтылған тұжырымға сүйенетін болсақ, аудармашы да өз баламасын берерде экспрессивті мәнін бәсеңдетіп бергенін байқаймыз.

Қорытынды.

Қорытындылап айтар болсақ, *көз/eye* маңызды мәдени концептілердің бірі бола отырып, адам санасында ерекше орынға ие екендігі мәлім. Оны тек визуалды функцияны орындайтын ағза ғана емес, сондай-ақ эмоциялар мен сезімдердің көрсеткіші деуге болады.

Қазақ және ағылшын тілдерінде оң және теріс мәндегі эмоционалдылықты білдіретін фразеологизмдердің біршама жеткілікті екендігін анықтадық:

1) Өзге тілдер секілді қазақ және ағылшын әлемінің тілдік бейнесіндегі *көз/еуе* концептісі де когнитивті аспектіде, сондай-ақ олардың тіларалық берілуі жан-жақты зерттеуді қажет ететінін аңғардық;

2) Қазақ және ағылшын тілдеріндегі құрамында *көз/еуе* соматизмі бар фразеологизмдердің көмегімен тұлғаның ішкі эмоционалды күйін (қуаныш, ашушандық, ренжу, көңілі түсу, т.б.), оның сол мезеттегі сипаты (таңырқау, тамсану, т.б.) мен іс-әрекетін (жылау, қарау, шолу, т.б.) жеткізудің түрлі деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық;

3) Тілдік жүйе аясында фразеологиялық ұғымның мәнін анықтауға бағытталған дәстүрлі фразеологиялық зерттеуден айырмашылығы оны сөздің лексикалық мағынасымен салыстыруын саралай отырып, когнитивті зерттеудің әлем туралы белгілі бір білім мен ойды өңдеу нәтижесі ретінде фразеологизмдердің өзекті мағынасын модельдеуге сүйенетініне, сондай-ақ өз тілінде сөйлеушінің қарапайым сана деңгейінде фразеологизмдерді, оның ішінде *көз/еуе* сыңарлы соматикалық фразеологизмдерді сақтау, қабылдау және жеткізу тәсілін зерттейтініне көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кубрякова, Е.С. Об установках когнитивной науки и актуальных проблемах когнитивной лингвистики / Е. С. Кубрякова // Вопросы когнитивной лингвистики. - 2004. - № 1. 6-17 бб.
2. Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Шк. «Языки рус. культуры», 1996. – 288 б.
3. Вакк Ф. О соматической фразеологии в современном эстонском литературном языке: Автореф. дисс. канд. филол. наук. Таллин, 1964. – 22 б.
4. Чертыкова М.Д. Концепт чүрек / сүрэх «сердце» в языковой картине мира хакасов и якутов // Имя. Язык. Этнос./ редкол.: Н.И. Данилова, Н.С. Багдарыын, А.М. Николаева. – Якутск, 2018, 150-153 б.
5. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер/ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 87 б.
6. Ушакова Е.А. Соматизмы в русских и немецких фразеологических единицах, описывающих речемыслительную деятельность // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования: сб. науч. тр. Новосибирск, 2007. Вып. 10, 318 – 331 б.
7. Ковшова М.Л. Семантика и прагматика фразеологизмов (лингвокультурологический аспект). – М., 2009. - 44 б.
8. Аймауытов Ж. Ақбілек. – Алматы: Атамұра, 2003. – 279 б.
9. Austen J. Pride and Prejudice. – М.: Издательство АСТ, 2023. – 478 б.
10. Ауматов Zh. Akbilek (novel). Электронды ресурс: <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/iblock/d92/d92dc76d34e381651f563d51b296cea1.pdf&ln=en>
11. Cambridge dictionary. Электронды ресурс: <https://dictionary.cambridge.org/ru/%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C/%D0%B0%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9/willies>
12. Остин Дж. Тәкаппар ғашықтар. – Алматы: Мазмұндама, 2022. – 472 б.

МРНТИ 16.21.61

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИСКУРСА КОРПОРАТИВНЫХ БЛОГОВ НА РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Н.Ж. Жилкелди

Докторант

Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
nurbanuzhk@gmail.com